



SOZAK UNI

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

sozak_uni@mail.ru

№17 (9184)

WWW.SOZAK-UNI.KZ

СӘРСЕНБІ
28 ақпан, 2024 жыл

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Стратегиялық әріптестік

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Чжан Сяомен кездесті. Жүздесу барысында Ерлан Қошанов Қытайдың Қазақстан үшін жақын көрші әрі сенімді дос мемлекет екенін атап өтті.

«Біз 2022 жылғы қыркүйекте ҚХР төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстанға сапары барысында елдеріміздің басшылары бастаған ынтымақтастығымыздың жаңа «алтын 30 жылдығында» мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестігімізді одан әрі нығайтуға мүдделіміз», деді Мәжіліс спикері. Ол сондай-ақ екі ел арасындағы парламентаралық және партиаралық ынтымақтастықты нығайту мәселесіне мән берді.



Өз кезегінде Төтенше және өкілетті елші Чжан Сяо Қазақстан мен Қытай арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас орнағанына 32 жыл толғанын және қазіргі уақыттың осы жылдар ішіндегі жарқын кезеңдердің бірі екенін айтты. Сонымен қатар Қазақстандағы саяси және экономикалық реформаларға назар аударды.

«Біз Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауқымды экономикалық реформалар жүргізу жөніндегі бастамаларын толық қолдаймыз. Барлық саладағы өзара тиімді екіжақты ынтымақтастығымызды тереңдету және дамыту да осы мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді деп ойлаймын», деді елші.

Тараптар экономикалық, сауда, гуманитарлық байланыстарды нығайту және алдағы Қазақстанның Қытайдағы туризм жылын өткізу мәселелерін талқылады.



Президент «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысы «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жаркешовті қабылдады. Президентке ұлттық компанияның былтырғы атқарған жұмысының есебі беріліп, алдағы кезеңге арналған жоспары таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ауқымды инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылу барысы, Қашаған газын өңдеудің жаңа бағыттары, сондай-ақ газ саласына 12 миллиард доллар көлемінде инвестиция тарту мәселесі жөнінде баяндалды.

Санжар Жаркешовтің айтуынша, «QazaqGaz» компаниялары тобы өңірлерді дамыту үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар ірі газ құбырларын тартып, іске қосқан. Олардың құны 400

миллиард теңгеден асады.

Мемлекет басшысына елімізді газбен қамту жұмыстары туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, 11 өңірдегі 112 елді мекен газға қосылды. Нәтижесінде қосымша 213 мың тұрғын табиғи газбен қамтамасыз етілді. Компания былтыр ішкі нарықтағы газ бағасын субсидиялауға 175 миллиард теңге бөлді. Сонымен қатар «QazaqGaz» ҰК» акционерлік қоғамы табиғи газды экспорттау және тасымалдау жөніндегі міндеттемелерін толық орындап отыр.

Бұдан бөлек, Президентке жаңа «Анабай» газ кен орнын пайдалануға беру, сондай-ақ газдың ресурстық базасын дамыту жұмыстары жөнінде ақпарат берілді. Қабылданған шаралардың арқасында еліміздің ішкі на-

рығына газ жеткізу көлемі 19 пайызға ұлғайды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа берілген мәліметке сәйкес ұлттық компания ауа райы күрт суытып, газ тасымалдау жүйесіне шектен тыс жүктеме түскен кезде ішкі нарықтың сұранысын толықтай өтеп, тұрғындарды көгілдір отынмен үздіксіз қамтамасыз еткен.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы газ саласын кешенді түрде дамытуға, соның ішінде ішкі нарықты газбен тұрақты түрде қамтуға, ресурстық базаны кеңейтуге, аталған саланың өзекті мәселелерін шешуге және оның инвестициялық тартымдылығын жақсартуға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

Нариман алтын алды



Германияның Котбус қаласында спорттық гимнастикадан өткен Әлем кубогінің кезеңдік сайысында Нариман Құрбанов өрелі өнерімен өз жанкүйерлерін қуантады.

26 жастағы жерлесіміздің есімі жанкүйерлерге жақсы таныс. Нариман – талай дүбірлі додаларда жүлде алған сақа спортшы. Атап айтсақ, Дүниежүзілік Универсиаданың екі дүркін күміс, Азия ойындарының қола жүлдегері, құрлық біріншілігінде толық медальдар жиынтығын олжалады. Ислам ынтымақтастық ойындарында да жеңіс тұғырына көтерілді. Сонымен қатар Әлем кубогінің кезеңдік жарыстарында ара-тұра атой салып жүр.

Күні кеше ғана Құрбанов сондай байрақты бәсекелердің бірінде асқан шеберлігін паш етті. Ол Котбуста «ат» жаттығуы бойынша алдына жан салмай, бас жүлдені қанжығасына байлады. Ал иорданиялық Ахмад Әбу әл-Соуд пен оңтүстіккореялық Вунг Хур күміс және қола медальды иеленді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Жыл басынан бері 11,2 мың азамат «Skills Enebek» кәсіптік оқыту платформасында онлайн-курстардан өткені туралы сертификат алды. Олардың ішінде 5,7 мыңға жуық адам-жұмыссыз. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Платформада барлығы 368 мың азамат болса,



кәсіби курсы», «Экологиялық қауіпсіздік негіздері», «Сатушы», «Қаржылық сауаттылық», «Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс».

Платформада тұру және тамақтану, құрылыс және ТКШ, әлеуметтік қызмет көрсету, қаржы және бухгалтерлік есеп, ақпараттық технологиялар және т.б. салалардағы

Түрлі кәсіпке баулитын курс

оның 12,5 мыңы 2024 жылы тіркелді. Биыл оқудан өткен 5,7 мың жұмыссыз азаматтың 1,7 мыңға жуығы – негізінен Түркістан, Жамбыл, Қостанай облыстары мен Шымкент қаласының жастары.

Платформа іске қосылғаннан бастап авторлар әртүрлі бағыт бойынша 475 курс жариялады. Оның 241-і – тегін.

Сондай-ақ одан әрі оқу үшін білім беру алаңдарына ауысу мүмкіндігімен «Courstore» және «Fluent Education» серіктестерінің курстары бар. Курстардың ұзақтығы 1-ден 72 сағатқа дейін.

Қаңтар айындағы ең көп сұранысқа ие курстар – «Жүріп-тұруы қиын адамдарды алып жүруге арналған жеке көмекшінің

түрлі мамандық бойынша тегін курстар саны үнемі артып келеді.

Былырғы желтоқсан айынан бастап курстарды «Enebek» мобильді қосымшасы арқылы оқуға болады. Қосымшаны Google Play және App Store-дан жүктеуге болатынын естеріңізге саламыз.



стық мәслихат депутаты Бегімбет Биімбетұлы өткен жылдың қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар туралы хабарлап, Мағауия Сексенбайұлы биылғы жылға бөлінген қаржыларға тоқталып өтті. Бұған қоса алдағы уақытта ел игілі үшін атқарылар міндеттерге де кеңінен тоқталды.

Халық қалаулысы Мағауия Сексенбайұлы өз сөзінде ауданның тазалығы мен өзге де қажеттіліктерге қызмет ететін 5 жаңа тракторды жеке қаржысынан сыйға тартатынын атап өтті. Сондай-ақ мандат иесі өткен жылы аудандағы әлеуметтік

БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ АУДАНДАҒЫ 21 НЫСАНҒА 6 МИЛЛИАРД, 808 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ БӨЛІНГЕН

Биылғы жылы ауданның әлеуетін арттыратын 21 нысанға 6 миллиард 808 миллион теңге қаржы бөлінген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1 миллиард теңгеге артып отыр. Бұл жөнінде аудан әкімдігінің мәжіліс залында Түркістан облыстық мәслихатының депутаттары Мағауия Тұрысбеков және Бегімбет Байғараевтың тұрғындармен өткізген есептік

кездесуінде баяндалды.

Аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жамиев пен аудандық мәслихат депутаттары, тиісті бөлім басшылары, кенттер мен ауылдық округ әкімдері және тұрғындардың қатысуымен өткен жиынды аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов ашып, жүргізіп отырды.

Алдымен күн тәртібіндегі мәселеге байланысты облы-

аз қамтылған бір отбасына баспана салып бергенін және бұл үрдіс биыл да жалғасатынын тілге тиек етті.

Жиын соңында депутаттар тұрғындардың сауалдары мен ұсыныс-пікірлерін тыңдап, кең көлемде жауап берді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Сұлтанбек Қожановтың туғанына-130 жыл

Қайраткердің ұлы жолы ұрпаққа өнеге

Мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың туғанына биыл 130 жыл. Осы айтулы шара аудан көлемінде басталып, мектептерде, музей үйлері мен мәдениет ошақтарында кеңінен аталып өтілуде. Ақсүмбедей киелі жерде дүниеге келіп, қазақ аспанында қанатын құлаштай ұшқан ақсұңқар ұлан елдің жоғын жоқтап, мұңына жұбаныш бола білді. Сұлтанбек Қожанұлы-ауыл молдаларынан сауат ашып, ерекше зеректігімен, білімге деген құштарлығымен көзге түсіп, одан әрі Түркістандағы 4-сыныптық орыс-түзем бастауыш мектебін (1906-1908), 3-сыныптық қалалық мектепті (1908-1913) ойдағыдай бітірді. Жаратылысында білім алуға деген құштарлығы ұшан-теңіз жас Азия аймағындағы аса таңдаулы оқу орындарының бірі саналатын Ташкент мұғалімдер семинариясында оқып, арнаулы педагогикалық мамандық бойынша білім алған. Аласапыран кезең, ел басына күн туған қиын заманға қарамай Ташкент оқытушылар институтының бір курсына аяқтайды.

Сұлтанбек Қожанов өзінің еңбек жолын Өзбекстанның Әндіжан аймағының Айым ауылында бастауыш мектеп мұғалімі болып бастады. Көп уақыт өтпей, Ташкентке қайтып оралып, педагогикалық училище мен педагогикалық курстарда сабақ берді. Ұстаздық қызметіне ұйымдастырушылық қабілетін ұштастырып, Ташкент қаласындағы қазақ-қырғыз институтының қабырғасын қаласады. Бұл деректерді сұлтанбектанушы Нариман Нұрпейісовтің еңбектерінде кеңінен жазылған.

«1919 жылдың қыркүйек айында ол Сырдария облысындағы алты уездің бірінің орталығы болып саналатын Түркістан қаласына уездік оқу бөліміне қызметке жіберілді. Өзінің туып-өскен жеріне оралған ол ең әуелі мектептердегі оқу үдерістерін жаңартуға ерекше ден қойды. Халықтың өсуі мен кемелденуі білімде екенін жақсы түсінген Қожанов көптеген елді мекендерде жаңа мектептер ашылуына мұрындық болды. Кездескен сан алуан қиындықтарға қарамастан білімге құштар қазақ қыздарының оқуына мүмкіндік жасады. Сұлтанбек Қожанов уезд

мектептерімен үнемі байланыс жасап отырған. Қайраткер Қожановтың жетім балаларға деген қамқорлығы мен білім беру саласындағы ізгі істері, өкінішке қарай, тарих бетінен қаскөйлікпен өшірілді. Ұлым, ұрпағым деп ғұмыр кешкен жанның әрекеттеріне «халық жауы» деген жаламен жауап берілді»-дейді ғалым ағамыз. Заманына лайық алған білімі мен ұстаздық еткен еңбек жолы бағаланған Сұлтанбек Қожанов 1921 жылы қазанда Халық ағарту комиссары болып тағайындалды. Ол оқу-ағарту саласында білім беруді жергілікті халықтар тілінде жүргізу мәселесін көтеріп, оны жүзеге асыруды талап етті. Мәскеу, Петроград секілді ірі қалаларда жоғары оқу орындарында білім алып жатқан түркістандық жастарға материалдық көмек көрсетуде бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды. Қожановтың ағартушылық салада ерекше көзге түскен кезі Ташкент қаласында 1929 жылы Ортаазиялық мақта-иригациялық және политехникалық институтын (САХИПИ) ашып, оның алғашқы директоры қызметін 1931 жылға дейін абыроймен атқарды.

Қайраткердің үлгі боларлық жағы өзіне жүктелген негізгі міндеттермен қатар қоғамдық, ғылыми-шығармашылық жұмыстармен ұдайы ұштастырып отырды. Осындай игілікті істерінің жарқын белгісі мектепке арналған «Есептану құралы» атты оқулығы мен «Түркістанның Кеңестік Автономиясының он жылдығына» атты орыс тіліндегі зерттеуі жеке кітап болып жарияланды. Аталған еңбектер мектеп мұғалімдері үшін қалтқысыз қызмет етті, жас жеткіншектерді білім нәрімен көп жылдар бойы сусындатты. Бұл кітаптар әлі күнге дейін құнын жоғалта қоймаған бағалы дүниелер. Аудандық архив мекемесі қызметкерлері аудан көлемінде болып жатқан айтулы шараларға белсене қатысып, Сұлтанбек бабамыздың өмір жолы, қайраткерлік зор істері туралы кеңірек біліп жатырмыз.

*Шолпан ЕСТАЕВА,
Созақ аудандық архивінің
қызметкері.*

СЕЙСМИКАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ШАРАСЫ ӨТТІ

Сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жалпыаудандық оқу-жаттығу шарасы өтті. Сағат 10:00 де аудан әкімі аппаратының ғимаратында «Жер сілкінісі» орын алғанда АҚ басқару органдарының және ала анықтаудың іс-қимылын жетілдіру мақсатында «Дабыл» сигналы қосылды.



Жергілікті атқарушы органдарға АҚ қызметтеріне хабарлама беріліп, аудан әкімі аппаратының қызметкерлері арасында төтенше жағдай кезіндегі іс-қимылдарға дайындық деңгейін арттыру мен қауіпсіз орындарды алдын ала анықтау және эвакуациялау жолдары сынды қауіпсіздік шаралары түсіндірілді.

БОС ЖҰМЫС ОРНЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде Созақ аудандық прокуратурасы мен Мансап орталығы филиалының атқарушы Ақмарал Төлепбергенова пробацция есебіндегі азаматтарға бос жұмыс орындары, «Күміс жас» жобасы, жастар практикасы, әлеуметтік жұмыс орны, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы, «Алғашқы жұмыс орны», қоғам-

Сонымен қатар, Созақ аудандық Мансап орталығы филиалы директорының міндетін атқарушы Ақмарал Төлепбергенова пробацция есебіндегі азаматтарға бос жұмыс орындары, «Күміс жас» жобасы, жастар практикасы, әлеуметтік жұмыс орны, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы, «Алғашқы жұмыс орны», қоғам-



аудан прокуроры Ержан Қожабеков, аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Дулат Байзақов, салаға жауапты мамандар мен психологтар және пробацция есебіндегі азаматтар қатысты.

Шараның ашылуында аудан әкімінің орынбасары Ақаділ Болатұлы сөз сөйлеп, пробацция қызметінің есебінде тұрған азаматтардың әлеуметтік ортаға тез бейімделуі мен әлеуметтік-құқықтық көмектердің тұрақты көрсетіліп отыратындығын және әр азаматтың отбасылық жағдайы мен тұрмыс-тіршілігі әркез басты назарда екенін атап өтті.

Аудан прокуроры Ержан Қожабеков ұйымдастырылған шараның мақсаты - пробацция қызметінің есебінде тұрғандар және шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар арасында қайта қылмыстың алдын алу және болдырмау екендігіне тоқталды. Сондай-ақ азаматтарды жәрмеңкеде ұсынылған бос жұмыс орындарынан өздеріне лайықты жұмысқа орналасып, еліміздің келешегі үшін аянбай қызмет етуге шақырды.

жұмыстар және атаулы әлеуметтік көмек алу жолдары жөнінде хабарлама жасап, жан-жақты түсіндіріп өтті.

Кездесуде пробацция есебіндегі азаматтар бос жұмыс орындарымен танысып, жұмысқа орналасуға қажетті ақпараттармен танысты. Одан соң Созақ аудандық орталық кітапханасының оқу залында психолог мамандар «Менің көңіл күйім» атты тақырыпта семинар-тренинг пен психологиялық тесттен өткізіп, анықтама берді.

Айта кетейік, жәрмеңкеге 17 жұмыс беруші мекемеден 46 бос жұмыс орны, 7 мекемеден 28 орын қоғамдық жұмыс орындарына, 3 мекемеден 5 орын жастар практикасына, 5 мекемеден 7 орын «Күміс жас» жобасына, 2 мекемеден 2 орын «Алғашқы жұмыс орнына», 7 мекемеден 12 орын әлеуметтік жұмыс орны ұсынылды. Жәрмеңке барысында пробацция қызметі есебінде тұрған жұмыссыз 2 азамат тұрақты жұмыс орнымен қамтылып, 4 азамат алдағы уақытта қоғамдық жұмыс орнымен қамтылатын болады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қоғамдастықтардың бөлек жиындары өтті

О қы р м а н д а р ы м ы з д ы ң есінде болса, газетіміздің 2024 жылдың 20 қаңтар күнгі № 06 (9173) санында: «2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 бұйрығымен бекітілген Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің Үлгілік қағидаларына Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 7 қарашадағы №62 «Түркістан облысы Созақ ауданында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы» шешіміне сәйкес, Шолаққорған ауылының көшелерінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындары өткізіледі» деп хабарландыру берілген еді.

Алайда, артынша- ақ: «Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесімен «Созақ үні» аудандық қоғамдық-саяси және ақпараттық газетінің 20 қаңтар 2024 жылғы №06 (9173) санының 6 бетіне жарияланған «Шолаққорған ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының өтетін орны, күні және уақыты туралы» хабарламаның 5-ші, 6-шы қатар санындағы Теріскей, Шолаққорған елді мекен-



деріндегі өтетін жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының өтетін орны, күні және уақытына өзгерістер енгізілді. Өзгертілген мәтін кесте бойынша жалғасады» деген мазмұнда тағы да бір хабарландыру берілген еді.

Осы хабарландырудың нәтижесінде, аудандық «Созақ үні» газетінің қаңтар айының 24, № 9 санында ақпан айының 13- 14 және 15 күндері Шолаққорған ауылдық округіне қарасты 12 аймақта жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындары болып өтетін жайында жаңа хабарландыру жарияланды. Жалпы,

тура осындай бөлек жиындар қаңтардың 30- 31 күндері Шолаққорған ауылдық округіне қарасты: Қарабұлақ пен Балдысу және Жеткіншек елді мекендерінде де өтіп, әр ауылдан 5 адамнан 15 адам жергілікті халықтың дауыс беруі арқылы қоғамдастыққа мүше болып сайланған еді. Міне, мына ақпанның 13 мен 14 және 15 күні ауылымыздың 12 аймағында өткен қоғамдастықтың бөлек жиындарының нәтижесінде тағы да 25 адам ауыл тұрғындарының ұсынуы және дауыс беруі арқылы жергілікті қоғамдастыққа мүше болып сайланды. Соны-

мен, Шолаққорған ауылдық округіне қарасты 21 мыңға жуық халықтың атынан жергілікті қоғамдастыққа баржоғы 40 адам мүше болды. Мен де аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі әрі «Ел Мүддесі» ҚБ- нің төрағасы ретінде, ауыл әкімдігі қызметкерлерінің өтінішімен осы бір саяси науқанның күәсі болдым әрі 12 аймақтағы да бөлек жиынға қатыстым.

Негізінде, дәл осындай жергілікті қоғамдастықтардың жалпы жиыны қаңтар айында ауданымыздың барлық ауылдық округтерінде болып өткен еді.

Ендігі жерде, алдағы аптаның басында Шолаққорған ауылдық әкімдігінің қызметкерлерінің ұйымдастыруымен жергілікті қоғамдастықтың алғашқы отырысы өткізіледі деп күтілуде. Ал енді, үш күнге созылған Шолаққорған ауылдық округіне қарасты қоғамдастықтың бөлек жиынының нәтижесінде жергілікті тұрғындардың ұсынуымен және дауыс беруімен сайланған қоғамдастық мүшелерінің тізімі төмендегі кестеде жарияланған.

Ал енді, жалпы қоғамдастық және оның міндеттері мен құқықтары жайлы, бұл қоғамдастық ауданымыздың, және ауылдарымыздың экономикасы мен әлеуетінің артуына, халқымыздың әлеуметтік жағдайының артуына қандай себі тиі мүмкін? - деген сауалдарға газетіміздің алдағы нөмірлерінде кеңінен тоқталатын боламын.

Данияр БЕК.

Шолаққорған ауылдық округінен 2024 жылдың қаңтар айының 30, 31 күндері және ақпан айының 13, 14, 15 күндері сайланған жергілікті қоғамдастық өкілдерінің ТІЗІМІ

Қ/с	Аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	Тұрғылықты мекен-жайы	Байланыс нөмірі
1	Бексейтов Жангелді Есенгелдиевич	06.04.1989	Балдысу елді мекені, Шерхан Мұртаза көшесі, 2 үй	8 778 54210 90
2	Омарбеков Нұрбол Ақылбекович	08.09.1985	Балдысу елді мекені, Сәкен Сейфуллин көшесі, 12 үй	8 702 43526 19
3	Дуанаев Беркінбай Алмаханұлы	14.01.1957	Балдысу елді мекені, Шерхан Мұртаза көшесі, 8 үй	8 701 61105 50
4	Әметжанов Ілес Шәмшатұлы	22.12.1978	Балдысу елді мекені, Балдысу көшесі, 10 үй	8 705 34619 57
5	Доспанұлы Әбдіразақ	03.09.1957	Балдысу елді мекені, Балдысу көшесі, 13 үй	8 705 80594 94
6	Жұмашов Нұрғали Сабденбекұлы	09.01.1962	Қарабұлақ елді мекені, Алпамыс батыр көшесі, 12 үй	8 702 89500 62
7	Жүзбаев Дәулетқали Әлімханұлы	02.11.1964	Қарабұлақ елді мекені, Алпамыс батыр көшесі, нөмірсіз үй	8 778 27082 26
8	Айдүйсенова Айбарша Әбдіқадырқызы	14.01.1967	Қарабұлақ елді мекені, Мұстафа Әстүрік көшесі, нөмірсіз үй	8 778 27818 12
9	Шымырбаев Нұрбол Орынбайұлы	28.05.1990	Қарабұлақ елді мекені, Алпамыс батыр көшесі, нөмірсіз үй	8 775 92808 90
10	Дүйсебаев Ербол Қошанұлы	03.09.1975	Қарабұлақ елді мекені, Мұстафа Әстүрік көшесі, нөмірсіз үй	8 771 63779 80
11	Шалмағанбетұлы Мүсірәлі	20.07.1949	Абай елді мекені, Есет батыр көшесі, 34 үй	8 778 23880 48
12	Молжігітова Айымкүл Жұматайқызы	17.04.1958	Абай елді мекені, Есет батыр көшесі, 7 үй	8 778 56209 04
13	Қалиев Қайрат Тұрғараұлы	18.03.1976	Абай елді мекені, Есет батыр көшесі, 31 үй	8 702 34447 73
14	Сәдуақасов Алпысбай Жәлелұлы	21.05.1955	Абай елді мекені, Есет батыр көшесі, 9 үй	8 702 26306 52
15	Шардарбеков Сәкен Утелбаевич	16.01.1970	Абай елді мекені, Шәкәрім Құдайбергенов көшесі, 32 үй	8 777 61839 53
16	Мырзабек Мереке Қойшыбайұлы	20.12.1968	Жеткеншек елді мекені, Шәкен Айманов көшесі, 31 үй	8 778 29020 59
17	Жүсіпбек Маржан Сатыбалдықызы	07.08.1982	Жеткеншек елді мекені, Әл-фараби көшесі, нөмірсіз үй	8 705 35608 82
18	Абдуллаева Олмес Болысбаевна	30.03.1990	Жеткеншек елді мекені, Кененсары хан көшесі, нөмірсіз үй	8 771 14569 56
19	Мадияров Бақытжан Сматуллаұлы	10.10.1968	Жеткеншек елді мекені, Махамбет Өтемісұлы көшесі, нөмірсіз үй	8 701 68700 15
20	Отарбаев Серікбай Амангелдиевич	05.11.1964	Жеткеншек елді мекені, Махамбет Өтемісұлы көшесі, 12 үй	8 775 66941 23
21	Байтенов Садуақас Қаржаубайұлы	13.12.1967	Шолаққорған ауылы, Паримбек Маханов көшесі, 5 үй	8 702 35019 47
22	Тугелбаев Нұрғали Айтбаевич	18.04.1989	Шолаққорған ауылы, Ерман Ембергенов көшесі, 1 үй	8 702 98370 95
23	Сақтапбергенов Пардебек	18.03.1953	Шолаққорған ауылы, Сағын Төлендіұлы көшесі, 23 үй	8 778 68249 53
24	Суханбердіұлы Ролан	04.03.1984	Шолаққорған ауылы, Әмзе Әшірбеков көшесі, 6 үй	8 775 38113 13
25	Беков Данияр Құлмаханбетұлы	22.09.1974	Шолаққорған ауылы, Сапарбек Еспенбетов көшесі, 7 үй	8 778 29038 33
26	Салман Елнұр Зікрияұлы	25.02.1997	Шолаққорған ауылы, Тәуелсіздік көшесі, нөмірсіз үй	8 776 63766 60
27	Усетаев Сембай	22.11.1955	Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, 22 үй	8 775 95726 28
28	Картаев Кенжөбек Сүйіндікович	24.08.1975	Шолаққорған ауылы, Т.Аубакиров көшесі, 14 үй	8 702 49436 98
29	Бекпенбетова Умсынай Куралбековна	14.01.1977	Шолаққорған ауылы, Бәкір Ахметов көшесі, 3 үй	8 705 44117 75
30	Құтжанұлы Жалғас	15.06.1964	Шолаққорған ауылы, Қ.Сәтпаев көшесі, 22 үй	8 701 23671 61
31	Нұржанов Алмасбек Мыңжасарұлы	21.12.1958	Шолаққорған ауылы, Бәкір Ахметов көшесі, 45 үй	8 702 21440 27
32	Шаймерден Талғат Атажанұлы	15.09.1960	Шолаққорған ауылы, Шаймерден Бегжанұлы көшесі, 52 үй	8 701 49218 00
33	Махалиев Рәтбек Рзалыұлы	14.10.1966	Шолаққорған ауылы, Жапбас Қаламбаев көшесі, 3 үй	8 701 39263 21
34	Бабиев Аманкелды Абибуллаевич	14.07.1973	Шолаққорған ауылы, Жамбыл көшесі, 22 үй	8 775 85978 73
35	Куанышбаева Назира Асубаевна	17.11.1970	Шолаққорған ауылы, Мәншүк Мәметова көшесі, 28 үй	8 700 249 68 84
36	Тасхожаев Даныш Патшаханович	01.10.1978	Шолаққорған ауылы, Үббі Тастанов көшесі, 21А үй	8 775 61289 88
37	Жақаев Фани Султанғалиұлы	11.08.1977	Шолаққорған ауылы, Әбілда Жынысбаев көшесі көшесі, 33 үй	8 701 91527 00
38	Нәбиев Оразәлі	14.09.1975	Шолаққорған ауылы, Сейдахмет Әбуов көшесі, 40 үй	8 778 295 01 92
39	Назарова Ира Султанхановна	03.12.1985	Шолаққорған ауылы, Әбілқайыр Оспанов көшесі, 6 үй	8 775 36719 68
40	Айтжанов Аманбай Егізбайұлы	19.08.1957	Шолаққорған ауылы, Қ.Рүстемов көшесі, 37 үй	8 702 28495 60

Алмас алған асулар

Қарапайымдылық адам баласын биіктерге жетелейді. Сонау 1996 жылы Шолаққорған ауылына көшіп келгеніме екі жылға жуықтағанда 1959 жылы туылған кісілер, ол уақытта жігіт ағасы болып қалған. Сол азаматтар өздерінің мектеп бітіргендеріне 20 жылдық кешін жүргізіп беруді өтінді. Сол уақытта алғаш Алмас ағаммен таныстым. Жас шамалары сол кезде әлі қырыққа да жетпеген. Той бас қосуы Төлеп ағаның әулісінде өтті. Ол уақытта қазіргідей музыка жетілмеген Сағындықов Бейбіт ағамыз бастаған әнші, сері жігіттердің өзі тойдың көркін жандырды. Менің қасымда кеш бойы Алмас ағам жүрді. Өте сбырлы, артық ауыз сөзі жоқ. Кейін көшеде болмаса той томалақта кездесіп қаламыз. Тура бір туған ағамдай жан тәнімен амандасып, қауқылдасып қал жағдай сұрап тұрады. Әлі де сол бәз бағыға қоңыр да қарапайым тұлғасында келеді. Одан бері қаншама жаз, қаншама қыс өтті. Сол қырықтың қырықасына да жетпеген жігіттер бүгінде елдің ағалары деңгейіне жетті. Түр тұлғасы, бет ажары қариялық жолды бетке алғандай әсер береді. Керек десеңіз Алмас ағамыз сияқты ағаларымыз бір әулеттің қариясына айналып бара жатқандай. Бұл уақыттың өз қолтабасы десек те болады. Ол кезде Алекаң аудан орталығындағы ПМК мекемесінде қызмет атқаратын болатын. Жылдар өте марқұм Нұржанов Бақыт ағамызбен аудан әкімдігінде қызметтес болып, күнделікті ауданымыздың тиіс тіршілігіне қосыла ат салысып жүрдік. Бақыт ағамызды Алмас ағамыздың ағасы екенін сонда білдім. Жалпы бұл әулеттің өзіндік тарихы да бар. Оны ауданның көзі қарақат, көзі ашық көкірегі ояу азаматтары жақсы біледі. Нұржанов Алмасбек Мыңжасарұлы ағамыздың өмір дерегіне үңіле



кетсек, ол кісі 1958 жылы 21 желтоқсанда Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында дүниеге келген. 1966 жылы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектептің бірінші класына барып, 1976 жылы аталған мектепті ойдағыдай бағамен бітіріп шығады. 1977 жылы Жамбыл гидро мелиоративтік-құрылыс институтының дайындық бөліміне түсіп, 1983 жылы аталған институттың толық курсының «гидромелиоративтік жұмыстарын механикаландыру» мамандығы бойынша тәмамдап қолына дипломын алады. «Инженер-механик» деген квалификациясы берілді. 1983 жылдың желтоқсан айынан еңбекке араласып алдымен Шолаққорған ауылындағы ПМК-23 мекемесінде жұмыс істейді. Одан соң 2001 жылдан бастап «Қаз Атомпром SAURAN» ЖШС серіктестігінде механик, Мойынқұм кенішінде ауысым шебері, «Орталық Мойынқұм» кенішінде ГТП

аймағының басшысы, РВР аймағының басшысы, РВР аймағының инженер-технологы болып қызмет атқарады. Арасында білімін жетілдіру мақсатында Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетіне түсіп, аталған университеттің «Іздестіру және барлаудың геофизикалық әдістері» мамандығы бойынша толық курсы бітіріп шығады. «Тау-кен инженер геофизигі» біліктілігі берілген. Қазақ Ядролық Университетінде «Геотехнология» курсының өндірістен қол үзбей оқып, білім жетілдіреді. Қазақстан ядролық университетінен «Қауіпсіздік сақтау және еңбекті қорғау» курсы бойынша оқу бағдарламасынан өтіп сертификат иеленеді. Мадақтама алғыс хаттар иегері. Суреті ТГХП және «Қазатомпром-Sauran» ЖШС «Құрмет тақтасында» ілінген. «Қазатомпром» 15 жылдығына ТГХП-ның грамотасымен, «Қазатомпром-Sauran» ЖШС

«Отличник по технике безопасности» Алғыс хатымен, «ҚазАтомөнеркәсіп» ұлттық компаниясының Құрмет грамотасымен, «Атом өнеркәсіп қызметкерлерінің салалық кәсібі одағының» қоғамдық бірлестігінің «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. 2021 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққан. Отбасында жұбайы Айгүл Байышқызы екеуі бірнеше ұл-қызды тәрбиелеп өсірген. Алмас ағамыздың тағы бір қыры отбасындағы балаларының тәрбиесіне көңіл бөлуіне деген әкелік міндетіне бей-жай қарамайтындығын да жақсы білемін. Аудан орталығындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебіне 1999 жылы бірінші класқа ұлымды жетектеп бардым. Сол жылы алғашқы ата-аналар жиынында мені кластың ата-аналар комитетінің төрағасы етіп сайлады. Сол жылы Алмас аға да қатысты. Ұмытпасам қызын бірінші класқа ертіп келіпті.

Біздің ұлмен екеуі бір класта оқитын болып шықты. Содан ата-аналар комитетінің жиынына міндетті түрде үзбей өзі қатысып жүрді. Жиында бала тәрбиесі туралы көптеген тың пікірлер айтатын. Өйткені ит көйлект бұрын тоздырған» демекші біздің алғашқы баламыз болса, ол кісінің үшінші яки төртінші перзенті болуы керек. Өмірлік тәжірбесі бар дегендей, көптеген түйткілді жайлардың алдын алу мақсатнда ақыл кеңестерін беріп тұратын. Соның рқасында мектептің, кейін аудандық ата-аналар комитетінің төрағасы болып 25 жыл қоғамдық жұмыс істеп жүрмін. Әлі де сол қоғамдық жұмыстамын. Көптеген жиындарда негізінен әйел кісілер қатысатын да арасында ғана осы Алмас ағам таудай болып отыратын. Қазіргі күні ұл-қыздарын ұясына ұрып, енді немерелерінің тәрбиесіне көңіл бөлетін ардақты аталарымыздың қатарында жүр. аудандық ардагерлер кеңесі жанында әкелер мектебі ашылған. Сол мектептің белді де белсенді мүшесі. Сонымен қатар, аудандық орталық ктапхананың оқу залына кіре қалсаңыз шұқшыып кітап оқып отырған Алмас ағамды көреміз. Отбасында ардақты ата, оқу залында сыйлы оқырман, көше бетінде көркем мінезді абзал азамат. Ақыл айтып жүрмесе қасымызда, Сонда орнайды жетімдік басымызға-дегендей алдыңғы аға буын аға, көкелеріміз аман болсын. Осындай сыртқы келбетіне ішкі жан әлемі сәйкес тартып тұратын ақсақалдарымыз әлі де баршылық. Сол ардақты азаматтардың қатарында аяғын алшаңдай басып бара жатқа қадірлі азаматтың ақ батасы елге құт, ұрпағына өнеге болары ақиқат.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Қоғамда әкелердің абырой беделі асқақтамай да, құлдырап төмен түсіп кеткен жоқ. Рас, саяси жүйе ауысты, қоғам өзгерді, заман өзгерді. Бірақ қазақы қоңырқай тіршілік сол қалпында келеді. Қазіргі ажырасу, бұзақылық, қылмыс, сияқты келеңсіз жағдайлар ол уақытта да бар болатын. Бірақ бүгінгідей аса жария болмайтын. Қазіргі күні мектептерде әкелер мектебі, әжелер мектебі, жеңгелер мектебі және тағы басқа көптеген «мектепшілік мектептер» көктемдегі төл науқанындай төлдеп кетіпті. Саны бар да сапасы жоқ. Олай дейтінім нақты іс жүзінде сол әкелер мектебінде елдің құрметтеуіне, дәріптеп елге көрсетуге, олардың үлгілі ісін насихаттауға тұрарлық әкелерді құрметтеп, мектепке шақырып оқушылармен сұхбат кеш өткізіп жатса, біз нақты жұмыс бар деп айтар едік. Құжаттар жүзінде ғана іске асырылатын мұндай бастама кімге керек. Осындай олқылықтың орнын тарихи ерен, облыстың бас газеті толтырыпты. Олай дейтінім «Оңтүстік Қазақстан» газеті таяуда әкелер құрметіне жаңа айдар ашыпты. Сол «Әкелер мектебінің» құрметті қонағы болуға лайықты әкелер туралы там-тұмдап әңгіме етпекпіз. Ол Созақ ауданы Құмкент ауылы тұрғыны Қолқашев Ералы Молдабайұлы. Ералы ағамыз осы Құмкент ауылының тумасы. Осы ауылдағы Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектепті бітірген соң Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу үшін әскерге аттанады. Ресейдің Қазан, Ставрополь Краснодар қалаларындағы авиация полкінде абыройлы қызмет етеді. Әскерден оралған соң кәсіптік-техникалық училищеде оқып көлік жүргізуші мамандығын алады. 1979-2003 жылдары Құмкент қаракөл қой совхозында көлік жүргізуші болып еңбек етеді.

ӘКЕ-АСҚАР МАУ



Совхоз дирекциясы, партия, комсомол ұйымдарының алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарымен марапатталады. «Еңбек озаты» ретінде Құрмет тақтасына суреті ілінеді. Аудандық газеттерде Ерекең туралы мақала, очерктер жарияланады. 2003 жылы кеңшар тарап, артынша ұжымдар да тарай бастаған соң Алматы, Жамбыл облыстарына қарайтын Жаңатас қаласындағы «Электромонтаж» АҚ-ның Жамбыл облысына қарасты филиалында бірнеше жыл көлік жүргізуші болып қызмет етеді. 1987 жылы отбасын құрып Қоңырбекова Гүлзейнет Төленбекқызымен жарасымды жанға құрады. Өмірге Мая, Айдана, Әділет атты ұл-қыздары өмірге келеді. Осындай қызығы мен

қуанышы мол жылдарының қырықасына мұң мен қасіреттің қасіреттің көлеңкесі түседі. Ералы ағамыздың жұбайы өмірден ерте кетіп, бар ауырталық ағамыздың мойнына түседі. Екі қызға сырласатын ананың орны бөлек, кішкентай Әділетке ананың мейірімі қажет болады. Алайда Ералы ағамыз барынша балаларына жылылық нұрын, әкелік махабатын, мейірім шуағын төгіп ананың орнына ана, әкенің орнына әке бола біледі. -Мен өзім Жаңатас қаласында айлық табысы жақсы, болашағы зор саналатын «Электромонтаж» акционерлік қоғамында еңбек етіп жүрген едім. Өмірімде өзгеше өзгеріс болады деп ойлаған жоқпын. Келіншегім қай-

тыс болды. Артында үш баламыз қалды. Содан кейін балаларым үшін жұмысымды табыстауға тура келді. Күнделікті сабағы бар, ас-суы бар, өзіме мектепке апарып, әкеліп келуім. Жұмыста болсам апталап, айлап бағаналарды жағалап, жарамсыздарын ауыстырып, басшылардың жұмысқа жағына барамыз. Сондай уақыттарда балаларым сөзсіз қараусыз қалатын болды. Қиыншылық болды. Отбасын құру туралы да әңгіме болды. Балаларына тура анасы сияқты қамқор бола алатын бар ма? Жоқ па? Осылардың маған көздерінің жасын көрсетпесін, жетімсіретпейін деп бар мейірімді төуге тырыстым. Құдайға шүкір немерелерім бар, ұлым биыл мектеп бітірсе, «Көрінген таудың алыстығы жоқ» демекші. Жоғары оқу орнына ілігіп кетсе, отбасымызға келіп түсіп, той болатын күнде бүгінде жақындап келеді. Ең бастысы бастары аман, бауырлары түтін болсын. Алла қаласа 2025 жылы зейнеткерлікке шығамын. Әзірше аудан орталығы мен ауыл арасында күнделікті қатынап нәпақамызды тауып отырамын,-деп Ералы аға ағынан жарылды. Қыздары өз алдарына отау тігіп үй болып кеткен. Күйеу баласы Жәнібек пен қызы Маяның Арсен, Әлнұр, Аружан, Сара атты ұл-қыздары Мұрат пен Айдананың Нұртілеу, Иманғали, Асылым, Аслан атты балалары бар. Жалғыз ұлы Әділет өзі оқыған Қ.Сәтбаев атындағы мектеп гимназияны құдай қаласа биыл бітірмек ниетте екен. -«Әкенің ақ тілегін өтеу парыз» демекші әкеміздің біз үшін айтатын ақ тілегі «адам болындар, кісінің ақысын жемеңдер, өтірік айтпаңдар, еңбек етіңдер» деп айтып отырады дейді,-қызы Мая.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Ол жастайынан спортқа жақын болып өсті. Қасиетті Бабата ауылында дүниеге келген Алпамысты ата-анасы келешекте батыр тұлғалы азамат болсын деп азан шақырып есімін осылай қойған еді. Қарапайым ауыл мұғалімі Сармантай көкеміздің шаңырағы ұлы дүние есігін ашқанда үлкен шаттыққа бөленді. Ауыл аймақты үйіне жинап, шілдехана жасады. Алыс-жақыннан туыстар келіп, қуаныштарына ортақтасты.

Алғашқы қадамынан бастап ата-анасы оған үкілеп үкі тақты. Көпбалалы отбасында өскен Алпамыс мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап сабаққа ерекше ықыласты болды. Ұстаздарының айтқан дәрісін тез арада қағып ала қоятын. Бастауыш сыныпта оқып жүрген кезінде-ақ спортқа бейімділігін байқатты. Қатарластырымен сабақтан қайтып келе жатып күрескені әлі есінде. Ойынға құмар балалар мектептен қайтып келе жатып ауыл

леп, олар көптеген дүбірлі додаларда топ жарып, чемпион атанды. Мұның барлығы Алпамыстың еңбекқорлығы, ісіне шынайы берілгендігі танытса керек. Әлгінде айтқанымдай ол спортты шын жүрегімен қалады. Талай жыл өткен еңбегінің нәтижесінде тәжірибелі бапкерлердің қатарына қосылды. Оның мықты қасиеті-еріну дегенді білмейді. Үнемі ізденіс үстінде жүреді. Төккен тер, өткен еңбек түбінде жеңіске жеткізетінін ол жақсы түсінді. Сөйтіп, тынбай жұмыс жасаудың арқасында ол биік белестерді бағындырды, абыройға бөленді.

Уақыт дегеніңіз неткен жылдам десеңізші. Кезіндегі кіп-кішкентай інім міне бүгін алпыс жасты алқымдап отыр.

Балаларының, немерелерінің қызығын көріп, отбасында шаттыққа бөленуде.

Оның құрметіне өткізіліп жатқан



Балдусудан келген балуан Ақылбек Олжас 50 келі салмақ дәрежесінде «Ең үздік күрескені үшін» номинациямен марапатталды.

50 келі салмақ дәрежесі бойынша 1 орынды Д.Сентябрь (А.Сүлейменов мектебінен), 2 орынды Р.Берікбай (Жамбыл мектебінен), 3 орынға А.Керімбек (Қ.Сәтбаев мектебінен) және А.Бердібек (Ш.Уәлиханов мектебі) табан тіреді.

+50 келі салмақ дәрежесінде 1 орынды О.Ақылбек (Жамбыл мектебі), 2 орынды Н.Нағашбек (А.Сүлейменов), 3 орынды Н.Шотарбай (Ш.Уәлиханов) және А.Қобланбек (Ш.Уәлиханов) иеленді.

46 келі салмақ дәрежесінде 1 орынды Р.Рахыш (Ә.Молдағұлова), 2 орынды А.Әбілжан (Қ.Кемелұлы), 3 орынды С.Асубай (Қ.Сәтбаев) және Е.Аманкелді (Қ.Кемелұлы) жеңіп алды.

50 келі салмақ дәрежесінде 1 орынды С.Рахманғали (А.Сүлейме-

Балалардың бабын тапқан бапкер

іргесіндегі көгалда күресетін. Бірінбірі шалып жығып, ит жығыс деп қайта тұрып күресіп, мәз болысатын. Балалық шақтың қызығы таусылған ба? Сол кездерде ауыл балалары үйдің бетін көрмей ойын қызығына берілетін. Үлкендер жағы кішкентайларға қызыға қарап, олардың қылықтарына шын көңілден риза болысатын. Шіркін балалық шақтың қызығы таусылған ба?

Бастауыш сыныпты тәмамдаған Алпамыстың спортқа қызығушылығы күн өткен сайын арта берді. Мектепте өткен спорттық жарыстарды қалт жібермейтін. Қызығушылығы арта түскен ол күрес үйірмесіне қатысып, өзі қатарлас балалармен талай мәрте бәсекеге түсті. Дене шынықтыру пәні мұғалімі оның талабын шыңдай түсуіне ықпал жасап, ақыл-кеңесін беріп, үнемі жақсы жетістіктерге жетуіне жетектеп отырды. Бұл да осы спорт түріне деген қызығушылығын күн санап арттыра берді. Әуелгіде мектепшілік өткен жарыстарда бағын сынап, күрес алаңына шығып, өзі құралпы балалармен күш сынасты. Бертін келе жоғарғы сыныптарға барғанда аудандық жарыстарға қатысты.

Шағын денелі, қагілез ол өз салмақ дәрежесі бойынша алдына жан салмай ойын өрнегін танытып жүрді. Талай турнирлерде ауылдың мектебінің намысын қорғап, жарыстарға қатысты. Сол кездегі бапкерлері Алпамыстан мол үміт күтіп, оның болашақта мықты күрес иесі болатынына сенді. Расында да жас спортшы алғашқы аяқ алысынан бастап, бапкерлерінің айла-тәсілдерін үйреніп, олардың ақыл-кеңесін тыңдап, өзінің спорттық шеберлігін шыңдады. Нәтижесінде талай дүбірлі жарыстарда бағы жанып, биік белестерді бағындырды. Кейін мектеп бітіргеннен кейін спорт саласын қалап, қызметке келді.

Созақ ауданының Құрметті азаматы, ардагер спортшы Жетілген Сармантайұлы. Иә, Алпамыс бала кезінен спортқа өте жақын еді. Тіпті ол спорт десе ішер асын жерге қоятын. Кіп-кішкентай болып алпыс мектептегі күрес үйірмесіне қатысып жүретін. Бала болса да алдына үлкен мақсат қойып, биік белестерді бағындыруға барынша құштар болды. Оған өзінің спортқа қатысты қызығушылығы қанат бітірді. Соның арқасында ол еңбектегі жолын осы спорт саласымен байланыстырды. Аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жаттықтырушы болды. Талай шәкірттер тәрбие-

аудандық турнир де жоғары дәрежеде өтіп, қатысушыларға үлкен спорттық мереке сыйлауда,-деді.

Айтөре Байғараев балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры: -Әріптесіміздің алпыс жасқа келу-мерейтойына арналған турнир өте тартысты әрі қызықты өтіп жатыр. Жарысқа ауыл-ауылдардан жасөспірімдер қатысып, бақтарын сынауда. Біз үшін бұл мерекенің орыны ерекше. Өйткені Алпамыспен бірге спорт мектебінде көп жылдардан бері қатар қызмет атқарып келеміз. Әріптестер ортасында оның орны бөлек. Өте қагілез азамат. Өзінің нағыз шебері. Балалармен

ағайыммен мақтанамын.

Көптеген жылдар жастар тәрбиесімен айналысқан Алпамыс ағай мерейлі алпыс жасқа келіп, турнир өткізіп жатыр. Бұл біздер үшін үлкен тәрбиелік мәні бар шара деп есептеймін. Қатысып, бақ сынап жатқан жасөспірімдерге сәттілік тілеймін,-деді.

Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы Алпамыс Сармантайұлының 60 жасқа толуына орай аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне қазақ күресінен 2008-2009, 2010-2011 жылы туылған арасында аудандық турнир өтті. Жарыстың ашылу салтана-

нов), 2 орынды А.Алпысбай (М.Маметова), 3 орынды Н.Өмірзақ (Ш.Уәлиханов) және Р.Орынбасар (Ш.Уәлиханов) қанжығасына байлады.

55 келі салмақ дәрежесі бойынша 1 орынды Н.Бектұрсын (Жамбыл), 2 орынды А.Айтқожа (Қ.Сәтбаев) 3 орынға Қ.Орынбасар (М.Маметова) және Д.Сатыбалды (Қ.Кемелұлы) көтерілді.

60 келі салмақ дәрежесі бойынша 1 орынды Е.Пернебай (Ш.Уәлиханов), 2 орынды Н.Тәңірберген (Жамбыл) 3 орынға С.Қадір (Сүгірәлі) және Е.Ермекбай (Ш.Уәлиханов) табан тіреді.

+60 келі салмақ дәрежесінде 1 орынды Т.Рысбек (Қаламбаев), 2 орынды Н.Салман (Қаламбаев), 3 орынды А.Сүйінбай (Ш.Уәлиханов) және Б.Есенкелді иеленді.

32 келі салмақ дәрежесі бойынша 1 орынға Б.Сейілбек (Сүгірәлі) 2 орынға М.Саттархан (А.Сүлейменов) 3 орынға М.Пернебай (Сүгірәлі) және Н.Райымбек (Ә.Молдағұлова) көтерілді.

35 келі салмақ дәрежесінде 1 орын Д.Асқар (Ә.Молдағұлова), 2 орын Н.Тоқтас (Ш.Уәлиханов), 3 орын Н.Рүстемұлы (Молдағұлова) және Н.Аманкелдіге (Кемелұлы) бұйырды.

38 келі салмақ дәрежесі бойынша 1 орынды М.Болат (Ж.Қаламбаев), 2 орынды А.Ерман (Сүгірәлі) 3 орынды А.Мәді (Қ.Кемелұлы) және Б.Алтынбек (Т.Әлімқұлов) иеленді.

42 салмақ дәрежесінде 1 орын Е.Аманкелді (Қ.Кемелұлы), 2 орын Е.Сейілбек (Сүгірәлі) 3 орынды Е.Берік (Молдағұлова) пен Н.Мырзатай (Қаламбаев) бөлісті.

46 келі салмақ дәрежесінде 1 орынды Н.Сейітқарим (Алтынсарин), 2 орынды А.Мергенбай (Уәлиханов), 3 орынды Б.Сатыбалды (А.Байтұрсынов) мен Е.Төлеген (А.Байтұрсынов) қанжығаларына байлады. Жұлдегерлерге кубок, диплом, медаль, арнайы сыйлықтар табысталды.

Сөйтіп қырық жыл спорт саласында қызмет етіп келе жатқан еңбек майданшы Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы, қазақ күресінен спорт шебері, біліктілігі жоғары санаттағы әдіскер, Семей сынақ қоғам бірлестігінің ардагері Алпамыс Сармантайұлының 60 жас мерейтойына арналған қазақ күресінен өткен жарыс мәресіне жетті.

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.



тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайды. Шәкірттері талай турнирлерде топ жарып жүр. Алпамыс оларға түрлі күрес тәсілдерін ерінбей-жалықпай үйретеді. Сондықтан болар ол баптаған балалар үнемі биіктерден көрініп келеді. Спорт-досымыздың ең сүйікті ісі. Ол осы мамандықтың хас шебері десем артық айтқандық болмас. Тынбай ылғи да өзі баптаған шәкірттерінің қасынан табылып, олардың көңіл-күйін тауып, еңбегінің жемісін көріп келеді,-деді.

Дәмен Дәурен қазақ күресінен спорт шебері, белбеу күресінен әлемнің екі дүркін чемпионы:-Алпамыс ағайдың тәрбиесін көрдім. Күрестің тәсілдерін үйрендім. Бірге жасаған жаттығудың арқасында көптеген жетістіктерге қол жеткіздім. Белбеу күресінен әлемнің екі дүркін чемпионы атандым. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген сөз бекер айтылмаған ғой. Байыпты бапкерімнің арқасында жоғары жетістіктерге қол жеткіздім. Мен ылғи да

тында аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Айтөре Байғараев және Созақ ауданының Құрметті азаматы, ардагер спортшы Жетілген Сармантайұлы, аудандық «Сөзақ үні» газетінің бас редакторы Сәрсенбек Теңізбаев, аудандық мәслихаттың депутаты Бақдәулет Баймұсаев, ұлағатты ұстаз Құмкент ауылынан келген әпкесі Нұржамал Сармантайқызы, әріптес досы Нұрлан Тоқпанбетов құттықтау сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жасөспірімдер арасында өткен жарысты ұйымдастыруға Алпамыстың шәкірттері Н.Тоқаев, Ж.Садуақасов, Д.Дәмен белсене атсалысты. Жарысқа жас кәсіпкер, аудандық мәслихаттың депутаты Бақдәулет Баймұсаев демеушілік жасады. Мерей жасқа арналған турнирге Аққолтық, Бабата, Жартытөбе, Балдысу, Таукент, Шу, Алғабас, Шолаққорған ауылынан 130 ға жуық балуан қатысып, бақ сынасты.

Дүние жүзінде дау мен жан-жалдың көбеюіне байланысты оларды шешу мен реттеудің тиімді әдістерін табу қазіргі таңда өзекті әрі маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Осы ретте медиация-әлемнің көптеген елдерінде танымал, жан-жалды шешудің неғұрлым

жалдың негізінде жатқан сезімдерді, эмоцияларды, тілектерді зерттеу нәтижесінде медиатор тараптардың психологиялық қарым-қатынастарын қайта қалыптастыруға көмек беруге ұмтылады. Тағы да бір ерекшелігі-медиация процедурасы келісімді жүргізудің негізі

цесінен айырмашылығы, медиация-еркін процесс. Онда сипаты жағынан жария емес процесс. Онда тараптар дауды қарайтын тұлғаны, яғни, медиаторды өздері таңдайды. Медиацияның тиімділігі-дауласушы тараптар қысқа мерзім ішінде келісімге келуге мүмкіндік ала-

Бітім тараптар үшін тиімді тәсіл

тиімді және балама әдістерінің бірі болып саналады. Медиацияда тараптардың жетістікке жету мүмкіндігі зор, себебі бұл медиатордың кәсіби көмегін алуға, жақтардың бір келісімге келуіне бағытталған. Медиацияның тарихы тереңде. Адамдар арасында алғашқы дау қай кезде туындаса, бітімкершілік те сол заманда пайда болған. Медиация процедурасын қолданудың бірден бір ерекшелігі-медиация бұзылған қатынасты қалпына келтіруді мақсат етіп, келісімді жүзеге асыру барысында жан-

ретінде тараптардың ұстанған бағыттарын емес, олардың мүдделері негізінде жүзеге асырылады. Сот жүйесіндегі бұл институттың өрістеуіне тоқталсақ, алғаш рет медиация 2009 жылы Қазақстан Республикасы Судьяларының V съезіне жоғарғы саяси деңгейде талқыланды. Медиацияның басты мақсаты-кінәлілерді іздеу емес, ортақ шешімге келу жолдарын іздестіре отырып, екі тарапты қанағаттандыратын, келісілген шешімге қол жеткізу болып табылады. Соттағы іс жүргізу про-

ды, іс сот медиациясы тәртібімен аяқталғанда талапкерге мемлекеттік бағға төленген шығын қайтарылады, дауды сот медиациясы тәртібімен реттеу туралы келісім судьямен бекітілетіндіктен, тараптар дауды тез шешуге қол жеткізеді, келісім орындалмаған жағдайда, атқару парағы келісімді мәжбүрлеп орындау үшін берілуі мүмкін.

Ж.ТОҚПАНБЕТОВА,
Созақ аудандық соты
әкімшісінің басшысы

Азаматтық құқық және іс жүргізу негізі

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы саласы Қазақстан Республикасында заң білімін қалыптастыруда маңызды рөл атқарып және үздік дәстүрлерін біріктірді. 1970жылы ең алғаш рет Еңбек құқығы және азаматтық процесс бөлімін Ұлттық университетте з.ғ.д., профессор К.А.Абжановтың басшылығымен құрылды. Көптеген жылдар бойы азаматтық құқықтық ғылымның корифейлері жемісті жұмыс жасады және бұл дәстүр бүгінгі күнге дейін жалғасуда.

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы құқықтық нормалардың күрделі жүйесінде және үздіксіз өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық ортада табысты шарлауға қабілетті болашақ заңгерлер мен мамандарды қалыптастыруда және шешуші рөл атқарады. Біздің салада тәжірибелі профессорлардан, ғылым кандидаттарынан, PhD докторларынан және тәжірибелі заңгерлерден тұратын өзінің көрнекті оқытушылар құрамымен мақтанады. Олардың кәсіби тәжірибесі білім беру процесін байытады, сонымен қатар практикалық және құқықтық тәжірибе мен еңбек нарығының заманауи әрекеттерімен ерекшеленеді.

Құқық саласына бас сұғып осы саланың кәсіби маманы боламын деген жастарға өз білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік бере отырып, нотариаттық палатасымен, адвокаттар алқасымен, сот инстанцияларымен, жетекші заң компанияларымен белсенді ынтымақтасады. Бұл кәсіби дағдыларды қалыптастыруға және болашақ мамандарды құқықтық саланың нақты әрекеттеріне дайындауға ықпал етеді. Бұл мекемелердің өкілдері жас мамандарды практикадан өту үшін қабылдап қана қоймай, сонымен қатар болашақ кәсіп иелеріне өздеріне дәріс сабақтарын оқиды және өткізеді, практикалық мәселелерді жариялайды, осылайша талапкерлердің шынайы қызығушылығын тудырады.

Осылайша оқу орындарында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ынталандырады. Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы саласындағы инновацияларды құруға ықпал етеді, сондай-ақ заң ғылымы шеңберінде ғылыми білімнің дамуына ықпал етеді. Жоғары оқу орнында студенттер де, магистранттар да, докторанттар да білім алуда. Азаматтық-құқықтық ғылымы-бұлбұрынғы жұмыс атқарған профессорлық құрамдар және бүгінгі таңдағы кафедрада ұзақ уақыт жұмыс жасаған көптеген жас ғалымдардың, оқытушылар мен практиктердің еңбегінің нәтижесі.

Болашақ ұрпақтар талапкерлерден бастап, магистранттардан, докторанттардан өздерінің ғылыми кадрларын "өсіру" арқылы қол жеткізіледі.

Ғылыми-педагогикалық құрамның деңгейін арттыруға, сондай-ақ кафедраның ғылыми қоғамдастықтағы беделін нығайтуға ықпал ете отырып, барлық конкурстарға, ғылыми зерттеулер мен конференцияларға белсенді қатысады. Заң практикасының болашағы цифрлық технологиялардың дамуымен тығыз байланысты. Цифрлық құралдармен жұмыс істеудің қажетті дағдыларын және олардың құқықтық жүйеге әсерін түсінуді қамтамасыз ете отырып, соңғы технологияларды оқу процесіне біріктіруге тырысады.

Әртүрлі құқықтық жүйелер мен мәдениеттерге ену мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, халықаралық алмасу бағдарламаларын белсенді дамытады, бұл олардың кәсіби болашағы туралы жаһандық көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді. 2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ұлттық университеттің Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы бөлімі аталмыш университет және Висмар университеті-қолданбалы ғылымдар, технологиялар, бизнес және дизайн университеті Құқықтану (неміс және халықаралық коммерциялық құқық) магистратурасының Қос дипломының білім беру бағдарламасы бойынша дайындықты жүргізеді.

Климаттың өзгеруі, гендерлік теңдік, сапалы білім беру және т.б. сияқты заманауи өзгерістерді ескере отырып, оқу процесіне тұрақты даму мақсаттарын енгізеді. Бұл жастарға құқықтық шешімдердің әлеуметтік әділеттілік пен қоршаған ортаға әсерін түсінуге көмектеседі. Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы саласы өзінің дәстүрлеріне сүйене отырып, қазіргі заманғы іс-шараларына бейімделе отырып, тұрақты дамуға ұмтылады. Оның міндеті-қазіргі заманғы құқықтық саланың күрделі міндеттерін ойдағыдай шешіп және заң ғылымымен практиканың дамуына өз үлесін қоса алатын жоғары білікті мамандарды қалыптастыру.

Гулия БӨКЕШҚЫЗЫ,
заңгер.

Атқарушылық істер бойынша борышкерлерді әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы ақпарат

Кентау қаласының жеке сот орындаушыларының орындаудағы мемлекет пайдасына сома және алимент өндіруге қатысты атқарушылық істер бойынша алимент берешегі 3 айдан асатын істерге барлық атқарушылық амалдарды толық орындап, алимент төлеуден әдейі жалтарып жүрген борышкерлерді әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартуға және көрсетілген мекен жайда анықталмаған жағдайда уақытты іздеу жариялап арызшағымдарды болдырмау алдын алу керек. Түркістан облысы Әділет департаментінің Кентау ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі бөлімінде 2023 жылдың 12 айында жеке сот орындаушыларымен борышкерлерді ҚР ӘҚБтК-нің 665-667-669-670-671-672-673 бабымен әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін барлығы 78 борышкерге қатысты ұсыныс келтіріліп, ол құжаттардың дұрыстығы тексеріліп, кемшіліктері дер кезінде жойылып, сотқа жолданып қанағаттандырылған. 2023 жылдың 12 айында Кентау қаласының және басқада жеке сот орындаушысымен ҚР ӘҚБтК-нің 665-бабымен 1, ҚР ӘҚБтК-нің 670-бабымен 5, ҚР ӘҚБтК-нің 669 бабының 1 бөлігімен 72 материал бойынша ұсыныс келтіріліп, бұл 72 материалдар сотқа өткізіліп, 72 қанағаттандырылған. Бұдан бөлек ҚР ҚК-нің 139 бабымен өткізілмеген, ал ҚР ҚК-нің 430 бабымен -1 материал атқару құжатын қасақана орындамағын үшін 2023 жылдың 12 айында материал өткізілген. Ал 2024 жылдың 12 айына Түркістан облысының Әділет департаментінің нұсқамасы негізінде тоқсанына 20 әкімшілік іс барлығы 80 әкімшілік іс өткізілуі қажет. Бүгінгі таңға мемлекет пайдасына сома және алимент өндіруге қатысты атқарушылық істер бойынша алимент берешегі 3 айдан асатын істерге барлық атқарушылық амалдарды толық орындап, алимент төлеуден әдейі жалтарып жүрген борышкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тартылған саны 9. Қазіргі таңда жеке сот орындаушыларының орындаудағы мемлекет пайдасына сома және алимент өндіруге қатысты атқарушылық істер бойынша алимент берешегі 3 айдан асатын істерге барлық атқарушылық амалдарды толық орындап және жеке сот орындаушыларына борышкерлерді әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке өткізу үшін іс материалдары бойынша барлық керекті құжаттар жинақталып, борышкерлердің сол жинақталған материалдармен танысып сот актісін көрсетілген мерзімде орындамағаны үшін жауапкершілігімен таныстырылып ұсыныс берілетін және алдағы уақытта кемшіліктерді болдырмау мақсатында жұмыстар жасау керек.

С.АХАТАЕВ,
Кентау ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі бөлімінің бөлім аға сот орындаушысы.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі

Мемлекеттік қызмет – мемлекет қызметінің бір саласы және мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттілігін атқару жөніндегі қызметі болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайларын Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы реттейді.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметтің ұйымдастырылуы мен атқарылуы келесі принциптермен негіз алады: заңдылық, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы, азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдылығын; Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуге және өз қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бойынша жоғарылатуға тең құқығы және тағы басқа принциптері.

Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының құрамына мемлекеттік қызметшілердің саяси және әкімшілік лауазымдары кіреді. Мемлекеттік саяси қызметшілердің мемлекеттік қызметке тағайындау, ал сайлау негізінде кіруі, ал мемлекеттік әкімшілік қызметке орналасуы конкурстық негізде жүргізіледі.

Еңбек шарты. Қазіргі жағдайларда еңбек қатынастарына тұру үшін еңбек шартын жасау керек. Оның қарастырылған "Азаматтық құқық" тарауындағы азаматтық құқық шартынан айырмашылығы мынада: еңбек шартының міндеті – қызметкердің және жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттерін белгілеу. Еңбек шарты қызметкер мен жұмыс берушінің арасында заңнамаға сәйкес жасалуы керек.

Еңбек шартының мерзімі. Еңбек шарты әрқашан уақытша шеңберде әрекет етеді. Бірқатар жағдайларда уақытша шеңберлер шарттың әрекет етуі мерзіміне байланысты болады. Шартқа отырған тараптар оның әрекет ету мерзімін түрліше белгілеуі мүмкін. Дәлірек айтқанда, екі ұшты мерзім қояды.

Жұмысқа қабылдау кезеңіндегі сынақ мерзімі. Қызметкердің тапсырылған жұмысқа сай келетінін тексеру үшін сынақ белгіленуі мүмкін. Сынақ мерзімі туралы қызметкердің жұмысқа қабылдау кезінде ескертіледі. Сынақ мерзімі үш айдан аспауы тиіс. Ол қызметкердің ауырып қалуына, басқа да дәлелді себептерге байланысты тоқтатылуы мүмкін. Олар "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" заңның 30-бабында көрсетілген. Қызметкер әскери қызметке шақырылуы мүмкін. Бұл жағдайда қызметкер шақыру туралы құжатын көрсеткен соң үш күндік мерзім ішінде жұмыстан босатылады.

Еңбек жағдайлары қызметкердің өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, гигиена талаптарына сай болуы тиіс. Қызметкердің толық қанды демалуға, қажетті материалдық қажеттіктерін қанағаттандыруға мүмкіндігі болуға тиіс. Оның білім алуға (жалғастыруға), т.б. мүмкіндігі болуы керек. Еңбек жағдайлары бойынша заңнамалық талаптар азаматтардың табиғи, әлеуметтік мұқтаждарына (сұранымдарына) сәйкес белгіленеді.

Жұмыс уақыты. Қызметкердің денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету және басқа себептермен шаршап шалдығуына жол бермес үшін жұмыс уақытының нормалары қойылады. Оларды белгілеудің зор тәжірибелік маңызы бар. Айтылғандардан байқалғандай, қызметкердің денсаулығы қорғалады.

Р.МӘТЕН,
Созақ аудандық сотының жетекші маманы.

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

делерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардар-

лық танытуы,кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізеуі де жемқорлықтың тамырын те-

Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүд-

дың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігін шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлы-

реңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Жәнібек ШОЙБЕКОВ,
Шу ауылдық округі
әкімінің аппараты м.м
бас маман-бухгалтері.**

Жемқорлықсыз болашаққа

Сыбайлас жемқорлық–тәуелсіз Қазақстанның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі. Тек Қазақстан емес, бұл індет әлемнің қай-қайсы елінде болса, сол елдің қасірет шегері хақ.

Қазақстан Республикасының Президенті өз жолдауында «Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек» - деп сыбайлас жемқорлықпен күрестің мән-маңызына тоқталып өткен болатын.

Негізі «сыбайлас жемқорлық», «пара» деген ұғымдардың астарын ашып, мән-мағынасына үңілсе болсақ, бұл ұғымдар сонау сан ғасыр, сан мың жылдар бұрын пайда болғанын тарих дәлелдейді. Бұл жөнінде біз мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген ғұлама ғалымдарымыздың еңбектерінен кездестіре аламыз.

Сыбайлас жемқорлық қоғамды әділет-

сіздікке ғана ұрындырып қоймай, елдің экономикалық жүйесінің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, экономикамыздың дамып, жетілуіне кереғар әсерін тигізеді, халықаралық деңгейде елдің жағымсыз имиджін қалыптастырады.

Сыбайлас жемқорлық – індет, оны жою міндет екендігін әрбір азамат пен азаматшарлар түсініп, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін арттыру үшін сыбайлас жемқорлықпен күресті әр адам өзінен бастауы қажет деп ойлаймын. Әл-Фараби аңсаған қайырымды қаланы, кемел мемлекетті қалыптастыру үшін қоғамда, елде болмауы керек бір маңызды дүние болса, ол – жемқорлық. Елдегі бұл ауыр індетті жою үшін күресті өзімізден, айналамыздан бастап, нәтижеге қол жеткізуге, жемқорлықты жою үшін аянбай күресу - әрбір қазақстандық азаматтың азаматтық та, адамзаттық та парызы.

**Бағдат ТАСБОЛАТОВ,
Созақ ауданы бойынша мемлекеттік
кірістер басқармасының есепке алу,
талдау және ұйымдастыру-құқықтық
жұмыс бөлімінің басшысы.**

Әр азаматтың міндеті болмақ

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол–әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатыны анық. Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері

Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды

пайдалану арқылы жасалады. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Президент Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізуді саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

**Қайсар ӘЛІШЕР,
Созақ ауданы бойынша
мемлекеттік кірістер
басқармасының есепке
алу, талдау және ұйым-
дастыру-құқықтық жұмыс
бөлімінің жетекші
маманы.**

Сыбайлас жемқорлық пен күрес

Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы сыбайлас жемқорлық қарсы күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жүргізілетін іс-шараларды тиімді ету мақсатында мемлекеттік органдарында сыбайлас жемқорлыққа көріністерін шектеуге бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленеді және жүзеге асырылады. Жоспарланған іс-шараларды іске асыру қылмыстық шабуылдан азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдар мен қоғамның белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлық - заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де айналып өткен жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып, ат салысып, қарсы күресуіміз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі - ол азаматтардың арыз-шағым, өтініштері. Мемлекетіміздің кез-келген азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Б.ЖУПАРБАЙ,

Созақ аудандық соты әкімшісінің аға сот приставы.

Орманды өрттен қорғайық!

Орман өртіне тосқауыл болу, алдын алу барлық адамзаттың міндеті. Орман өртінен кейінгі көрініс жан түршігерліктей. Көрікті демалыс орындары қара күйе ағаш бағандары мен өңсіз құлаған ағаш үйінділеріне айналады. Орман әр жылы әр түрлі белсенділікпен жанады. Бұл тек ауа райының қолайсыздығынан ғана емес. Орман өрттері әр түрлі себептерден болады. Олардың басым көпшілігі- сөндірісіз қалдырылған от, тұтанған темекі қалдықтары мен шырпы, құрғақ шөппі жағу болып табылады. Жаз кезінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңыз, соны қатты желге айналады. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар әбден кеуіп, жану материалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың шыр басы маңында от жағуға тыйым салынады. Аңшылық құрғанда оталғыш немесе бықсығыш материалдарды қолдануға, жанармай заттарын сүрткен материалдарды арнайы қарастырылмаған жерлерде тастауға, іштен жанатын қозғалтқыш істеп тұрған кезең отынды баққа құюға, қозғалтқыш қуат көзі жүйесінің ақауы бар машинаны қолдануға, сондай-ақ жанар маймен жүретін машиналардың жанында темекі шегуге немесе ашық түрде от қолдануға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

Қазіргі уақытта Үкімет тарапынан табиғат байлығын қорғау және оны молайту үшін аса мән беріліп отыр. Біздер орман шаруашылығы қызметкерлері аудан көлеміндегі мемлекеттік орман қорын өрттен табиғат заңдылықтарын бұзудан қорғау, оны халық игілігіне тиімді пайдалануды негізгі міндетіміз деп білеміз.

Жандос КЕМБИЛОВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Жарамсыз деп танылсын

ТОО «Катко» иелігіндегі 2018 жылы шығарылған «Toyota Hilux» маркілі автокөлігінің (мемлекеттік тіркеу белгісі: Н 9551/13) техникалық төлқұжаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Ата-аналарға педагогикалық қолдау танытты

20 ақпан күні ауданымыздың орталығы Шолаққорған ауылы, Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жылдық жұмысы негізінде «Сенім арту-жетістік кепілі» және «Қиын жағдайда баланы қалай қолдаймыз» тақырыбында бастауыш сыныптың ата-аналарына сабақ өткізілді. Сабақты бас-



тауыш сынып мұғалімі Н.Базарбаева ұйымдастырды. Сабақ барысында ата-аналармен пікірлесе отырып, қиындық тудыратын балаға қалай қолдау көрсету мақсатында ата-аналар ой-пікірлерін ортаға салып, талқылау жұмыстарын жүргізді. Тақырып аясында бейнероликтер көрсетілімі ұсынылды. Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдері А.Аманбаева және Г.Дайрабай ата-аналармен жұптық жұмыстар аясында «Мақалды жалғастыр» әдісін ұйымдастырып өткізді.

Н.Базарбаева сабағын қорытындылай келе, танымды сабаққа қатысқан ата-аналарға алғысын білдірді.

Жалпы, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» өз жұмысын жылдық жоспарға сай өз деңгейінде жүргізіп келеді!

Н.БАЗАРБАЕВА.

Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы



Мақал-мәтел-ата бабамыздан қалған өшпес мұра. Көлемі жағынан шағын болғанымен, мағынасы терең, құны қымбат қазына. Мақал-мәтелдің тәрбиелік мәні зор. Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханасында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру мақсатында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы» тақырыбында мектепалды даярлық сыныптарымен тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсатымыз оқушыларға рухани құндылықтарымыз туралы мағлұмат беру. Ойлау, есте сақтау, ой-өрісін кеңейту.

Шарада оқушыларға ма-

қал-мәтел жайлы түсіндірілді. Теледидар арқылы түрлі ойындар мен жаттығулар жасап, пазылдармен, додокадр, сурет құрастыру арқылы мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштар айтып жарысты.

Мақал-мәтел тал бесіктен жер бесікке дейін адам өміріне азық болатын даналық сөздер. Осындай қазақ халқының тұрмыс тіршілігінен, салт дәстүрінен хабар беретін мақал-мәтелдерді бойына сіңіріп өскен бала болашақта елінің нағыз патриоты болатыны сөзсіз.

Гүлжан ЖАНБЫРБАЕВА, Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінің кітапхана меңгерушісі.

Ризашылығымды білдіремін

Мамандықтың ішіндегі ең қадірлісі – дәрігер. Дәл осы жауапты қызметтің иесі болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ең алдымен шыдамдылықты, жауапкершілікті, мамандығына деген адалдықты қажет ететін ең абыройлы жұмыс. «Он екі мүшең сау болса, сәулет емей немене, он саусағың сау болса, дәулет емей немене!» дейді дана қазақ. Иә, ол рас. Мына жарық дүние есігін ашқан адам баласының ең басты, ең әуелгі байлығы – денсаулық. Ал, осы орайда «ақ желеңді абзал жандар» деп аялай айтатын сөзімізге алдымен арқау болатын, әрине, дәрігерлер. Қасиет дарып, құт-береке орныққан ауда-



Дәреметтері дертімді қайтарды

нымыздағы емделушілеріне үнемі осындай оң қабағымен қарап, оңды ісімен танылып жүрген дәрігердің атына жылы сөз айту-емделуші ретінде басты парызым деп білемін. Осыдан бірнеше жыл бұрын денсаулығым байланысты қаладағы бірнеше емдеу орындарында болдым. Нәтижесі болмады деуге болады. Содан кейін ауылға келгенімде жанашыр кісілер: «ауданымызда да жақсы дәрігерлер бар ғой. Соларға да көрінсей, шипасы тиіп қалар» деген соң аудандық емханаға көрініп, дәрігерлердің арнайы зерттемесінен кейін, нұсқаулары арқылы орталық емхананың әйелдер бөліміне қаралып, ем қабылдадым. Отбасым да денсаулығым алаңдап, уайымдап қалды. Алайда емхананың білікті дәрігерлері ыждағаттылықпен ем-домын сыйлады. Оған да бес-алты

жылдың көлемі болды. Сол жақсы дәрігерлердің жылы сөздері, ізгі ілтипаттары арқасында отбасыма сергек сезіммен жазылып оралдым. Өзім тұрақты оқырман саналатын аудандық газет арқылы дәрігерлерге деген игі ниетімді білдіріп, жоғары білімді кәсіби дәрігер Байташова Мөлдір Бейсебайқызына және акушерка Махмұтова Зарина Рахымжанқызына үлкен ризашылығымды жеткізім келді. Сондай-ақ, әрқашан жарқырап-жайнап жүретін жарқын жүзді осы дәрігерлер туралы емделушілер атынан да жақсы сөздер көп.

–Аллаға шүкір менің еңбек жолымда қиын кезеңдер болды деп айта алмаймын. Оған мамандығым деген адалдығым, шынайы беріліп жұмыс істегенімнің арқасы шығар. Мен өзіме тапсырылған міндетті тиянақты, барлық күш-жігерімді салып орындауға тырысамын. Он-

ың жемісінде көріп жатырмын, елеулі еңбегім ақталып ақ ниетті жандарды тілектері қабыл болып жатыр. Бірнеше жылдың жүзі болды осы ауруханада халық денсаулығына қызмет етіп жатырмын. Әрине өз білгенімді өзімнен кейін келген жас әріптестеріме үйретудіде жалғастыра берсем деген ниетім бар. Бос уақытымда кітап оқығанды, бау-бақшамды қарағанды жақсы көреміз,–дейді кейіпкеріміздің бірі Мөлдір Бейсебайқызы. Мен сияқты емделушілердің ақ батасы сіздерге тек бақыт пен жақсылық әкелсін! Елге шарапатыры мен дәреметтерің сыйлап сыйлап жүрген қос дәрігерге айтарым көпшіліктің ақ жарма алғысына бөлене беріңіздер дегім келеді.

**Емделуші:
Бақытгүл ТОЙЛЫБАЕВА,
Шолаққорған ауылы.**

ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу

Бүгінгі таңда ЖРВИ және тұмау аурулары тіркелуде. Сондықтан вирустың белгілері, онымен қалай күресу және алдын алу шаралары туралы білу маңызды.

ЖРВИ мен тұмау ауруының негізгі белгілері: жоғары температура, жалпы интоксикация, әлсіздік, тамақ ауруы, мұрынның бітелуі.

ЖРВИ мен тұмаудың алғашқы белгілерінде өзін-өзі емдеуге болмайды, медициналық көмекке жүгіну керек, дәрігерді үйге шақыру керек, ауруды таратпау үшін науқас баланы балабақшаға немесе мектепке жібермеу керек. Ұзақ мерзімді ауру көбінесе асқынулар тудырады. Олардың ішіндегі ең көп таралғаны және қауіптісі – пневмония.

ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу үшін эпидемиологиялық маусым кезінде профилактикалық және эпидемияға қарсы шараларды жүргізу мыналарды қамтиды:

- тұмауға қарсы иммундау;
- медициналық мекемелерде «сүзгілерді» енгізу, бетперделерді қолдану, антисептиктермен қамтамасыз ету;

ЖРВИ, тұмау белгілері бар жүкті әйелдер мен бір жасқа дейінгі балаларға дәрігерді үйге шақыру;

- мектепке дейінгі балалар мекемелерінде күнделікті таңертеңгі бақылауды енгізу, ЖРВИ және тұмау белгілері бар балаларды қабылдамау.

Сондай-ақ инфекцияны болдырмауға көмектесетін белгілі арнайы емес профилактикалық шаралар бар. Бөлмені күн сайын желдетіп, қолыңызды мұқият жуып, антисептик пайдаланып, ауру өршіген кезеңде адамдар көп жиналатын іс-шаралардан бас тарту немесе бетперде тағу, иммунитетті нығайту, спортпен шұғылдану және ұйқы мен тамақтану сапасын бақылау қажет.

**Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.**

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілшілер:
Нұржанай МАЙУСОВА
Данияр БЕКОВ
Тілшілер:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер:
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші:
Багила АЯЗБАЕВА
Фототілші:
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.